

Хромтау ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2026 жылғы 20 наурыздағы № 461 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, "Кондоминиум объектісін басқаруға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшері айына бір шаршы метр үшін 0,0122 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Хромтау аудандық
мәслихатының төрағасы*

Э. Б. Болатов